

## **Қайта жаңарту және даму халықаралық банкінің қала көлігіне берілген займын пайдалану туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қ А У Л Ы С Ы 1995 жылғы 2 тамыз N 1062

Қазақстан Республикасына берілген Қайта жаңарту және даму халықаралық банкінің қала көлігіне берілген займның қаражатын тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. АҚШ долларынан 40 миллион /қырық/ сомадағы займ қаржысының қосымшаға сәйкес бөлінуі бекітілсін.

2. Займ қаражатының түсуі және пайдалануы республикалық бюджет арқылы жүзеге асырылады деп белгіленсін. Бөлінген қаражаттың мақсатты және тиімді пайдаланылуы, сондай-ақ олардың уақтылы өтелуі үшін Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан облыстары мен Алматы қаласы әкімдеріне жауапкершілік жүктеледі, олардың мұқтаждықтарына осы займның шегінде валюта қаржысы бөлінген.

3. Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан облыстарының және Алматы қаласының әкімдері Қарағанды облыстық жолаушы көлігі басқармасы, Оңтүстік Қазақстан жолаушы автокөлігі өндірістік бірлестігі, Алматы қалалық жолаушы автокөлігі өндірістік бірлестігі және Алматы трамвай-троллейбус басқармасымен бірлесіп берілген займ қаражатын республикалық бюджетке қайтару жөнінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен он күн ішінде кепілдік келісімдер жасасын.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі осы займды өтеу кестесіне сәйкес 1995 жылдан бастап жылдық бюджеттердің жобаларында проценттерді төлеуге, ал 2000 жылдан проценттерді, негізгі борышты өтеуге, тәуелсіз халықаралық аудиторлық фирманың займ қаржысының пайдаланылуын тексеру жөнінде қызметіне төленетін қажетті қаржы қарастырсын.

5. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігі:  
Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан облыстарының және Алматы қаласының әкімдерінен тауарлар мен қызметтерді сатып алу жөнінде контрактылар жасауға сенімхат алсын;

займды жүзеге асыруға қатысушы Қарағанды, Оңтүстік Қазақстан облыстарының және Алматы қаласының әкімдерімен, сондай-ақ Қарағанды облыстық жолаушы көлігі басқармасы, Оңтүстік Қазақстан жолаушы көлігі өндірістік бірлестігі және Алматы трамвай-троллейбус басқармасымен бірлесіп займ қаржысына алынған тауарлар мен қызметтерге есеп жүргізіп, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Шетелдік капиталды пайдалану жөнінде комитетке және Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігіне тоқсан сайын есеп берсін. <\*>

ЕСКЕРТУ. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.08.20.

№ 1031 қаулысымен. Р961031\_

6. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Шетел капиталын пайдалану жөніндегі комитет: <\*>

Халықаралық Қайта жаңарту және Даму банкінің ережелеріне сәйкес займды жүзеге асыруды жалпы үйлестіруді іске асырсын және тауарлар мен қызметтерді сатып алуды жүргізуге бақылау жасасын;

займ қаржысының пайдаланылуына есеп жүргізу және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне тоқсан сайын сыртқы борышты жиынтық есепке алу үшін алдын ала белгіленген импорт бойынша есеп берсін.

Халықаралық Қайта жаңарту және Даму банкіне займ қаржысының пайдалануы туралы банктің шарттарына сәйкес есеп берсін.

ЕСКЕРТУ. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 1996.08.20.

№ 1031 қаулысымен. Р961031\_

7. Қазақстанның мемлекеттік Даму банкі займ бойынша төлемдерді жүзеге асырып, займ қаржысының пайдаланылғаны туралы банк жазбаларының көшірмелеріне апта сайын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне беріп тұрады.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 2 тамыздағы  
№ 1062 қаулысына  
қосымша

Халықаралық қайта жаңарту және даму банкінің  
қала көлігіне арналған займ қаражатын бөлу

Жауапты ұйымдар	Мақсаты	Бағасы /млн.АҚШ
	долларымен	
Алматы қаласының әкімі	автобустар	19,50
	автобустардың босалқы бөлшектері	2,40
	троллейбустардың босалқы бөлшектері	1,60
	кадрлар даярлау, кон. сультациялық қызмет. тер жабдықтар	0,94
	Жиынтығы	24,44
Қарағанды облысының әкімі	автобустар	5,85
	автобустар мен трол. лейбустардың босалқы бөлшектері	2,20
	кадрлар даярлау, кон. сультациялық қызметтер жабдықтар	0,79
	Жиынтығы	8,84
Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі	автобустар	3,85
	автобустар мен тролей. бустардың босалқы бөлшектері	2,10
	кадрлар даярлау, консу.	

льтациялық қызметтер,  
жабдықтар 0,77

---

Жиынтығы 6,72

---

Барлығы 40,00

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК